

Амангелді ауданының аумағында дәнді-дақылдарды егу жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 мамырдағы № 103 қаулысы. Қостанай облысы Амангелді ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 18 мамырда № 9-6-97 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Амангелді ауданының аумағында дәнді-дақылдарды егу жұмыстарының басталуының оңтайлы мерзімі болып 2009 жылдың мамыр айының 15-і, ал аяқталуының оңтайлы мерзімі болып 2009 жылдың мамыр айының 31-і белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он (10) күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ж. Тәукееновке жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы ауыл
шаруашылығы Министрлігі
агроөнеркәсіп кешендегі инспекция
комитетінің Амангелді аудандық
аумақтық инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Р. Қақанов